

**Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөніндегі келісімді ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы № 312-IV Заңы.

Ескерту. Кіріспенің екінші абзацын және қорытынды бөлікті қоспағанда, тиісті септіктегі "Кеден одағының комиссиясы" деген сөздер тиісті септіктегі "Еуразиялық экономикалық комиссия" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 14.06.2023 № 10-VIII Заңымен.

Ескерту. Кіріспені қоспағанда, тиісті түрдегі және септіктегі "кеден одағына мүше мемлекет", "Кеден одағына мүше мемлекет" деген сөздер тиісті түрдегі және септіктегі "мүше мемлекет", "Мүше мемлекет" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 14.06.2023 № 10-VIII Заңымен.

2010 жылғы 18 маусымда Санкт-Петербуркте жасалған Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөніндегі келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев

**Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөніндегі  
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде кеден одағына мүше мемлекеттер,

2007 жылғы 6 қазандағы Бірыңғай кеден аумағын құру және кеден одағын қалыптастыру туралы шартты, 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының комиссиясы туралы шартты, 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартты, кеден одағының шарттық-құқықтық базасын құрайтын кеден одағына мүше мемлекеттердің өзге де халықаралық шарттарын негізге ала отырып,

халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларын назарға ала отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

**1-бап Келісімде пайдаланылатын негізгі терминдер**

1. Осы Келісімде мынадай негізгі терминдер және олардың анықтамалары пайдаланылады:

1) еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ - Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекет (бұдан әрі тиісінше - Одақ, мүше мемлекет) аумағының мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген шектердегі бір бөлігі, мұнда кәсіпкерлік және өзге қызметті жүзеге асырудың ерекше (арнайы құқықтық) режимі қолданылады, сондай-ақ еркін кеден аймағының кедендік рәсімі қолданылуы мүмкін;

2) порттық еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ - халықаралық қатынас және шетелдік су кемелерінің кіруі үшін ашық теңіз порты, өзен порты аумағының бір бөлігінде немесе халықаралық әуе тасымалын орындайтын әуе кемелерін қабылдау және жөнелту үшін ашық әуежай аумағының бір бөлігінде және теңіз портының, өзен портының немесе әуежай аумақтарының жолаушыларға қызмет көрсетуге арналған мүліктік кешендер орналасқан бөліктерін қоспағанда, осындай теңіз портына, өзен портына немесе әуежайға іргелес аумақта құрылатын еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ;

3) логистикалық еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ - мүше мемлекеттің мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль және (немесе) темір жол өткізу пункттеріне іргелес мүше мемлекет аумағының бір бөлігінде құрылатын еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ;

4) еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың резиденті (қатысушы, субъект) - осы мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен мүше мемлекеттің аумағында тіркелген және еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар резиденттерінің тізіліміне енгізілген заңды тұлға немесе дара кәсіпкер.

## **2. Күші жойылды - ҚР 14.06.2023 № 10-VIII Заңымен.**

3. Осы Келісімде пайдаланылатын өзге терминдер Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінде (бұдан әрі - Одақтың Кеден кодексі) белгіленген мәндерде қолданылады.

## **Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 14.06.2023 № 10-VIII Заңымен.**

### **2-бап Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар құрудың мақсаты**

Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар (бұдан әрі - ЕЭА) мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу, инвестициялар тарту, жаңа технологияларға негізделген өндірістерді құру және дамыту, көлік инфрақұрылымын, туризмді және санаторийлық-курорттық салаларды дамыту мақсатында немесе ЕЭА құру кезінде анықталатын өзге де мақсаттарда құрылады.

### **3-бап ЕЭА құру және олардың жұмыс істеу тәртібі, мүше мемлекеттердің аумақтарында ЕЭА-ның жұмыс істеу мерзімі**

**Ескерту. 3-баптың атауына өзгеріс енгізілді - ҚР 14.06.2023 № 10-VIII Заңымен.**

1. ЕЭА құру және олардың жұмыс істеу тәртібі, ЕЭА-ның жұмыс істеу мерзімі және мүше мемлекеттің аумағында ЕЭА-ның жұмыс істеу мерзімін ұзарту тәртібі осы мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленеді.

Мүше мемлекеттің заңнамасында ЕЭА құру мақсаттарына байланысты олардың түрлері белгіленуі мүмкін.

Мүше мемлекеттің аумағында ЕЭА-ны басқару осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Мүше мемлекеттер Еуразиялық экономикалық комиссиясына мүше мемлекеттің аумағында ЕЭА құру туралы ақпараттың жіберілуін қамтамасыз етеді.

#### **4-бап ЕЭА-ның жұмыс істеуін тоқтату (тарату, жою)**

1. Егер ЕЭА құрылған мерзім ұзартылмаса, көрсетілген мерзім өткен соң ол өзінің жұмыс істеуін тоқтатады (таратылады, жойылады) (бұдан әрі - ЕЭА-ның жұмыс істеуін тоқтату).

ЕЭА-ның жұмыс істеуін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаудың негіздері мен тәртібі мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалады.

2. Мүше мемлекеттер осы Келісім күшіне енгеннен кейін мүше мемлекеттердің аумақтарында ЕЭА-ның жұмыс істеуін тоқтату туралы ақпараттың Еуразиялық экономикалық комиссиясына жіберілуін қамтамасыз етеді.

#### **5-бап ЕЭА аумағында жүзеге асырылатын қызмет түрлері**

ЕЭА аумағында мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік және өзге қызмет жүзеге асырылуы мүмкін.

Еуразиялық экономикалық комиссиясы ЕЭА аумағында тыйым салынған қызмет түрлерін белгілеуге құқылы.

Мүше мемлекеттердің заңнамасында осы мемлекеттердің аумақтарында құрылған (құрылатын) ЕЭА аумақтарында тыйым салынған қызмет түрлері белгіленуі мүмкін.

**Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 14.06.2023 № 10-VIII Заңымен.**

#### **6-бап ЕЭА резиденттерін (қатысушыларды, субъектілерді) тіркеу және ЕЭА резиденттерінің (қатысушылардың, субъектілердің) тізілімін жүргізу**

**Ескерту. 6-баптың атауына өзгеріс енгізілді - ҚР 14.06.2023 № 10-VIII Заңымен.**

1. ЕЭА резидентін (қатысушыны, субъектіні) (бұдан әрі - резидент) тіркеу тәртібі мен шарттары, оның ішінде заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелген жеріне және (немесе) тұрған жеріне немесе резидент мәртебесін алуға үміткер дара кәсіпкердің тұрғылықты

жерінің мекенжайына қойылатын талап, резидент мәртебесін алуға үміткер заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанына қойылатын талап мүше мемлекеттің заңнамасында айқындалады.

Мүше мемлекеттердің заңнамасында тұлғаны порттық немесе логистикалық ЕЭА резиденті ретінде тіркеу шарттарының бірі порттық немесе логистикалық ЕЭА резиденті міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуді беру болып табылатыны айқындалуы мүмкін, сондай-ақ оны беру мен қолданудың мөлшері мен тәртібі белгіленуі мүмкін.

2. Заңды тұлға немесе дара кәсіпкер мүше мемлекеттің резиденттер тізіліміне тиісті жазу енгізілген күннен бастап резидент деп танылады.

Нысаны мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалатын куәлік тұлғаны резидент ретінде тіркеуді куәландыратын құжат болып табылады. Еуразиялық экономикалық комиссиясы тұлғаның резидент ретінде тіркелуін куәландыратын куәліктің бірыңғай нысанын айқындауға құқылы.

3. Резиденттердің тізілімін жүргізу тәртібі мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалады.

Мүше мемлекеттер резиденттердің тізіліміне енгізілген резиденттер туралы мәліметтердің Еуразиялық экономикалық комиссиясына берілуін қамтамасыз етеді. Осындай мәліметтерді беру тәртібін Еуразиялық экономикалық комиссиясы айқындайды.

Еуразиялық экономикалық комиссиясы табыс еткен мәліметтердің негізінде резиденттердің жалпы тізілімін жасайды және оның Одақтың ресми сайтына орналастырылуын қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 14.06.2023 № 10-VIII Заңымен.**

#### **7-бап Қызметті ЕЭА аумағында жүзеге асыратын тұлғалар**

1. Мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес резиденттер, сондай-ақ резидент болып табылмайтын өзге де тұлғалар ЕЭА аумағында қызметті жүзеге асыра алады.

2. Резидент ЕЭА аумағындағы қызметін ЕЭА аумағында қызметті жүзеге асыру (жүргізу) туралы келісімге (шартқа) (ЕЭА-дағы қызметтің талаптары туралы шартқа, инвестициялық декларацияға, кәсіпкерлік бағдарламаға) (бұдан әрі - ЕЭА аумағында қызметті жүзеге асыру туралы келісім) сәйкес жүзеге асырады.

Мүше мемлекеттердің заңнамасында ЕЭА аумағында резиденттің ЕЭА аумағында қызметті жүзеге асыру туралы келісімде көзделмеген қызметті ЕЭА аумағында жүзеге асыруы кезінде резиденттің кәсіпкерлік және өзге қызметті жүзеге асырудың ерекше (арнайы құқықтық) режимін қолданбай осындай қызметті жүзеге асыру мүмкіндігі белгіленуі мүмкін.

**Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 14.06.2023 № 10-VIII Заңымен.**

## **8-бап ЕЭА аумағында кәсіпкерлік және өзге қызметті жүзеге асырудың ерекше (арнайы құқықтық) режимі**

ЕЭА аумағында резиденттің мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленетін салық салудың ерекше режимін беруді, сондай-ақ ЕЭА аумағында кәсіпкерлік және өзге қызметті жүзеге асыру үшін мүше мемлекеттің аумағында жалпыға бірдей белгіленген жағдайға қарағанда, өзге де неғұрлым қолайлы жағдай жасауды білдіретін кәсіпкерлік және өзге қызметті жүзеге асырудың ерекше (арнайы құқықтық) режимі қолданылады.

## **9-бап ЕЭА-ның аумағы және онда еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімін қолдану**

**Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 14.06.2023 № 10-VIII Заңымен.**

1. ЕЭА-ның аумағы Одақтың кедендік аумағының бір бөлігі болып табылады.
2. Порттық және логистикалық ЕЭА-ның шектері Одақтың кедендік шекарасы болып табылады.
3. Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі қолданылатын ЕЭА-ның аумағы (барлығы немесе оның бір бөлігі) өзінің аумағында осы ЕЭА құрылған мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес айқындалады.
4. Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі қолданылатын ЕЭА аумағында Одақтың Кедендік кодексіне сәйкес еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған) шетелдік тауарлар мен Одақтың тауарлары, сондай-ақ өзінің аумағында ЕЭА құрылған мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі қолданылатын ЕЭА-ның аумағында болуына (орналастырылуына) тыйым салынған шетелдік тауарларды және (немесе) Одақтың тауарларын және (немесе) осындай тауарлардың санаттарын қоспағанда, өзге шетелдік тауарлар мен Одақтың тауарлары бола (орналастырыла) алады және (немесе) пайдаланыла алады.
5. Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі Одақтың Кеден кодексіне сәйкес қолданылады.

## **10-бап Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімінің мазмұны**

**Ескерту. 10-баптың күші жойылды - ҚР 14.06.2023 № 10-VIII Заңымен.**

## **11-бап Тауарларды еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен орналастыру шарттары**

**Ескерту. 11-бап ҚР 13.12.2017 № 115-VI Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық Одақтың Кеден кодексі туралы шарт күшіне енген күннен бастап күші жойылды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).**

## **12-бап Тауарлардың еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен болу мерзімі**

Ескерту. 12-бап ҚР 13.12.2017 № 115-VI Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық Одақтың Кеден кодексі туралы шарт күшіне енген күннен бастап күші жойылды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

### **13-бап Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсіммен орналастырылған тауарлармен жасалатын операциялар**

Ескерту. 13-бап ҚР 13.12.2017 № 115-VI Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық Одақтың Кеден кодексі туралы шарт күшіне енген күннен бастап күші жойылды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

### **14-бап Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі қолданылатын ЕЭА аумағында кедендік операцияларды жасау ерекшеліктері**

Ескерту. 14-бап ҚР 13.12.2017 № 115-VI Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық Одақтың Кеден кодексі туралы шарт күшіне енген күннен бастап күші жойылды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

### **15-бап Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау**

Ескерту. 15-бап ҚР 13.12.2017 № 115-VI Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық Одақтың Кеден кодексі туралы шарт күшіне енген күннен бастап күші жойылды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

### **16-бап Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсіміне орналастырылатын (орналастырылған) тауарларға қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды төлеу бойынша міндеттің туындауы мен тоқтатылуы және оларды төлеу мерзімі**

Ескерту. 16-бап ҚР 13.12.2017 № 115-VI Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық Одақтың Кеден кодексі туралы шарт күшіне енген күннен бастап күші жойылды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

### **17-бап Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі аяқталған кезде кедендік баждарды, салықтарды есептеу ерекшеліктері**

Ескерту. 17-бап ҚР 13.12.2017 № 115-VI Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық Одақтың Кеден кодексі туралы шарт күшіне енген күннен бастап күші жойылды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

### **18-бап Тауарлардың кедендік құны**

Ескерту. 18-бап ҚР 13.12.2017 № 115-VI Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық Одақтың Кеден кодексі туралы шарт күшіне енген күннен бастап күші жойылды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

**19-бап Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды пайдалана отырып дайындалған (алынған) тауардың мәртебесін айқындау**

Ескерту. 19-бап ҚР 13.12.2017 № 115-VI Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық Одақтың Кеден кодексі туралы шарт күшіне енген күннен бастап күші жойылды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

**20-бап Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсіміне орналастырылған шетелдік тауарларды еркін кедендік аймақтың кедендік рәсіміне орналастырылған шетелдік тауарларды пайдалана отырып дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіру**

Ескерту. 20-бап ҚР 13.12.2017 № 115-VI Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық Одақтың Кеден кодексі туралы шарт күшіне енген күннен бастап күші жойылды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

**21-бап 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағында тауарлардың экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алу тәртібі мен олардың төленуін бақылау тетігі туралы хаттаманы қолдану ерекшеліктері**

Ескерту. 21-бап ҚР 13.12.2017 № 115-VI Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық Одақтың Кеден кодексі туралы шарт күшіне енген күннен бастап күші жойылды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

**22-бап Резиденттің мәртебесі туралы өтпелі ережелер**

Осы Келісім күшіне енген күні резиденттер болып табылатын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер осы Келісім күшіне енгенге дейін қолданылған мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес олардың резидент мәртебесін алған күнінен бастап резиденттер тізіліміне енгізілді деп танылады.

**23-бап Тауарлар мәртебесі туралы өтпелі ережелер**

Ескерту. 23-бап ҚР 13.12.2017 № 115-VI Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық Одақтың Кеден кодексі туралы шарт күшіне енген күннен бастап күші жойылды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

**24-бап Ресей Федерациясының Калининград және Магадан облыстарында құрылған ерекше экономикалық аймақтарға қатысты өтпелі ережелер**

Ескерту. 24-бап ҚР 13.12.2017 № 115-VI Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық Одақтың Кеден кодексі туралы шарт күшіне енген күннен бастап күші жойылды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

**25-бап Өзгерістер енгізу**

**Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда - ҚР 14.06.2023 № 10-VIII Заңымен.**

Осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер енгізілуі мүмкін.

**26-бап Дауларды шешу**

**Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - ҚР 14.06.2023 № 10-VIII Заңымен.**

Осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта айқындалған тәртіппен шешіледі.

**27-бап Қорытынды ережелер**

Осы Келісім ратификациялауға жатады және 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шарт күшіне енген күннен бастап уақытша қолданылады.

Осы Келісім депозитарий дипломатиялық арналар арқылы Тараптардың осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындауы туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісімнің 5-бабы екінші бөлігінің, 11-бабы 2-тармағы екінші бөлігінің, 13-бабы 5-тармағының ережелері осы баптың 1-бөлігіне сәйкес, бірақ депозитарий Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Бірыңғай экономикалық кеңістігінің шарттық-құқықтық базасын құрайтын халықаралық шарттардың бірінші пакетіне енгізілген келісімдер бойынша соңғы ратификациялық грамотаны алған күнінен ерте емес күшіне енеді.

2010 жылғы 18 маусымда Санкт-Петербург қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы осы Келісімнің депозитарийі болып табылатын Кеден одағының комиссиясында сақталады және ол кеден одағына мүше әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

Беларусь	Қазақстан	Ресей
Республикасы	Республикасы	Федерациясы
үшін	үшін	үшін